

## Қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 10 қарашадағы № 144 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 7 және 44-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже бекітілсін.
2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитет туралы" 2012 жылғы 25 қазандағы № 199 шешімінің 2-тармағы екінші абзацының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

B. Христенко

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2015 жылғы 10 қарашадағы  
№ 144 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитет туралы ЕРЕЖЕ

### I. Жалпы ережелер

1. Қаржы нарықтары жөніндегі консультативтік комитет (бұдан әрі – Комитет) Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 7 және 44-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының (бұдан әрі тиісінше – Алқа, Комиссия) жаңынан құрылады.

Комитет Қомиссияның консультациялық органы болып табылады, оның қызметінің негізгі бағыты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 64 және 70-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) қаржы нарықтарын реттеу, валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Одақтың құқығын құрайтын басқа да халықаралық шарттар мен актілерді, Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## II. Комитеттің негізгі міндеттері мен функциялары

### 3. Комитеттің негізгі міндеттері:

а) Комиссия үшін мынадай мәселелер бойынша ұсынымдарды дайындау:

мұше мемлекеттердің қаржы нарықтары (банк, сақтандыру секторларында және бағалы қағаздар нарығында қызметтер көрсету секторында) саласындағы заңнамасын үйлестіру;

мұше мемлекеттердің валюталық құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамасын жақындастыру және ырықтандыру шараларын қолдану;

б) қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларындағы реттеу мәселелері бойынша мұше мемлекеттердің өкілдерімен консультациялар жүргізу;

в) Комиссия үшін мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу:

қаржылық қызметтер көрсетудің өзара саудасын кеңейту және перспективада мұше мемлекеттердің ортақ қаржы нарығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау;

мұше мемлекеттердің аумақтарында қаражатты инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау.

4. Комитет өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге, сондай-ақ мұше мемлекеттердің қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларындағы заңнамасына талдау жүргізуге қатысады;

б) мынадай мәселелер:

мұше мемлекеттердің қаржы нарықтары (банк, сақтандыру секторларында және бағалы қағаздар нарығында қызметтер көрсету секторында) саласындағы заңнамасын үйлестіру;

мұше мемлекеттердің валюталық құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамасын жақындастыру және ырықтандыру шараларын қолдану;

мұше мемлекеттердің қаржы нарықтарына кірудегі кедергілер мен өзге де шектеулерді жою және барынша азайту;

қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларында Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің жобаларын әзірлеу;

мұше мемлекеттердің қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларындағы заңнамасын қолдануды талдау нәтижелері бойынша анықталған проблемаларды шешу;

Комиссия мен мүше мемлекеттердің қаржы нарықтары саласында реттеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) арасында ақпараттық өзара іс-қимыл;

қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларындағы Одақтың құқығын қурайтын халықаралық шарттар мен актілердің ережелерін мүше мемлекеттердің орындауына мониторинг жүргізу және бақылау бойынша келісілген тәсілдерді әзірлейді;

в) қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларында кезекті жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары бойынша Комиссия үшін ұсыныстар дайындаиды;

г) қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларындағы өзге де мәселелер бойынша Комиссия үшін ұсыныстар дайындаиды;

д) өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **III. Комитет құрамы**

5. Комитет құрамы уәкілетті органдардың басшыларынан (басшылардың орынбасарларынан) және өкілдерінен қалыптастырылады.

Комитеттің құрамын қалыптастыру үшін Алқа уәкілетті органдардан осы органдар өкілдерінің кандидатуралары бойынша ұсыныстар сұратады.

Мүше мемлекеттердің ұсынысы бойынша Комитет құрамына бизнес-қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, өзге де тәуелсіз сарапшылар енгізілуі мүмкін.

Уәкілетті органдар Комитеттегі уәкілетті органдардың өкілдерін алмастыру қажеттілігі туралы Алқаны уақтылы хабардар етеді, сондай-ақ оның құрамына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар береді.

Комитет құрамы Алқа өкімімен бекітіледі.

6. Құзыретіне қаржы нарықтары, валюталық реттеу және валюталық бақылау салаларындағы мәселелер кіретін Алқа мүшесі Комитет отырыстарында төрағалық етеді және Комитет жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады (бұдан әрі – Комитет төрағасы).

7. Комитет төрағасы:

а) Комитет қызметін басқарады және Комитетке жүктелген міндеттерді орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

б) Комитет отырысының күн тәртібін келіседі және бекітеді, оның өткізілетін күнін, уақыты мен орнын айқындаиды;

в) Комитет отырысын жүргізеді;

г) Комитет отырыстарының хаттамаларын бекітеді;

д) Алқаны және Комиссия Кеңесін Комитет әзірлеген ұсынымдар туралы хабардар етеді;

е) Комитет жанын құрылатын жұмыс (сарапшылар) топтары туралы ережелер мен олардың құрамдарын бекітеді;

ж) Алқа мен Комиссия Кенесі отырыстарында және өзге де органдар мен үйымдармен өзара іс-қимыл жасауда Комитетті білдіреді.

з) Комитет төрағасының орынбасарын тағайындейды;

и) Комитет құзыретінің шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8. Құзыретіне Комитет қызметінің бағыттары бойынша мәселелер кіретін Комиссия департаментінің басшысы Комитет төрағасының орынбасары болып тағайындалады.

9. Комитет төрағасының орынбасары Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе оның тапсырмасы бойынша осы Ереженің 7-тармағында көзделген Комитет төрағасының функцияларын орындаиды.

10. Комитеттің жауапты хатшысын Комитет төрағасы құзыретіне Комитет қызметінің бағыттары бойынша мәселелер кіретін Комиссияның лауазымды адамдары немесе қызметкерлері арасынан тағайындейды.

11. Комитеттің жауапты хатшысы:

а) Комитет төрағасы мен Комитет мүшелерінің ұсыныстары бойынша Комитет отырысының күн тәртібінің жобасын дайындейды және оны Комитет төрағасына бекітуге ұсынады;

б) күн тәртібінің жобасына және Комитет отырысына материалдардың дайындалуы мен ұсынылуын бақылауды жүзеге асырады;

в) Комитет отырысының бекітілген күн тәртібін және оған материалдарды дайындейдыш және Комитет мүшелеріне жібереді;

г) Комитет мүшелерін Комитеттің кезекті отырысының өткізілетін күні, уақыты мен орны туралы хабардар етеді;

д) Комитет отырысының хаттамасын жүргізеді және оны Комитет төрағасына бекітуге ұсынады;

е) Комитет отырыстарының жоспарларын қалыптастырады және оларды Комитет мүшелерінің назарына жеткізеді;

ж) Комитет отырысының нәтижелері бойынша дайындалған қорытынды құжаттарды дайындауды және оны Комитет мүшелерінің назарына жеткізуіді үйымдастырады;

з) Комитеттің хаттамалық шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

12. Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитет отырыстарына мүше мемлекеттерден қажетті біліктілігі бар тәуелсіз сарапшылар қатыса алады.

Комитет төрағасының шақыруы бойынша Комитет отырыстарына құзыреттеріне Комитет отырыстарында қаралатын мәселелер кіретін Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері қатыса алады.

13. Комитеттің жанынан Комитет қызметінің бағыттары бойынша мәселелерді шешу үшін жұмыс (сарапшылар) топтары құрылуы мүмкін.

Жұмыс (сарапшылар) топтарының құрамдары уәкілетті органдардың өкілдері арасынан құрылады.

Уәкілетті органдармен келісу бойынша жұмыс (сарапшылар) топтарының құрамына бизнес-қауымдастықтың өкілдері енгізілуі мүмкін.

#### **IV. Комитеттің жұмыс тәртібі**

14. Комитет отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына 3 реттен сиретпей өткізіледі.

15. Комитет отырысын өткізу туралы шешімді Комитет төрағасы қабылдайды.

16. Комитет отырысының күн тәртібінің жобасын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды Комитет мүшелері Комитет төрағасына Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 20 жұмыс күні қалғанда жібереді.

Комитет отырысының күн тәртібіне қосу үшін мәселелерді ұсынған Комитет мүшелері ұсынылған мәселелер бойынша ақпарат пен материалдарды Комитеттің жауапты хатшысына ұсынуды қамтамасыз етеді.

17. Комитет отырыстарында қосымша мәселелерді қарау Комитет төрағасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

18. Комитет төрағасы уәкілетті органдардан және Комитет мүшелерінен белгіленген тәртіппен Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар мен ақпарат сұратуға құқығы бар.

19. Комитет отырысының күн тәртібіне материалдар мыналарды:

а) қаралатын мәселелер бойынша анықтамаларды;

б) қарауға ұсынылатын құжаттардың (болған кезде) жобаларын;

в) хаттамалық шешімдердің жобаларын;

г) Комиссия үшін ұсынымдардың жобаларын (қажет болған жағдайда) қамтиды.

20. Комитеттің жауапты хатшысы Комитет мүшелеріне Комитет отырысының күн тәртібін және оған материалдарды, оның ішінде электрондық түрде Комитет отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 10 жұмыс күні қалғанда жібереді.

21. Комитет отырыстары, әдетте, Комиссияның үй-жайларында өткізіледі.

Комитет отырысы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ұсыныстары негізінде қабылданатын Комитет төрағасының шешімі бойынша мүше мемлекеттердің кез келгенінде өткізілуі мүмкін. Бұл жағдайда қабылдаушы уәкілетті орган Комитет отырысын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдем көрсетеді.

Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитет отырысы бейнеконференция режимінде өткізілуі мүмкін.

22. Комитет отырысы, егер оған мүше мемлекеттердің әрқайсысынан кемінде бір Комитет мүшесі қатысса, заңды деп танылады.

Комитет мүшесінің отырысқа қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, оның қаралып отырган мәселелер бойынша өз ұстанымын Комитет төрағасына алдын ала (Комитет

отырысы өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей) жазбаша нысанда ұсынуға және (немесе) Комитет отырысына қатысу үшін уәкілетті лауазымды адамды жіберуге құқығы бар.

23. Комитет мүшелері, егер олардың пікірі бойынша аталған мәселе қосымша пысықтауды талап ететін болса, мәселені Комитет қарауынан алып тастауды ұсына алады.

24. Комитет отырысында мәселелерді талқылау кезінде Комитет мүшелері тең құқыққа ие болады.

Комитет отырысының нәтижелері хаттамамен ресімделеді.

Егер Комитет мүшесінің Комитет қарап отырған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда, ол жазбаша нысанда баяндалады және Комитет отырысының хаттамасына қоса беріледі.

Комитет отырысының хаттамасына қаралып отырған құжаттардың жобалары бойынша ұсыныстар, анықтамалық және талдамалық материалдар мен тиісті негіздемелер де қоса берілуі мүмкін.

Комитет мүшелерінің Комитет отырыстарында ұсынған ұсыныстары мүше мемлекеттердің түпкілікті ұстанымы ретінде қаралмайды.

Комитет отырысының хаттамасына жауапты хатшы қол қояды, Комитет отырысы өткізілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Комитет төрағасы бекітеді.

Комитет отырысының хаттамасын Комитет төрағасы бекіткен күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде Комитеттің жауапты хатшысы оны Комитеттің барлық мүшесіне жібереді.

Комитет төрағасының шешімі бойынша Комитет отырысының хаттамасы немесе одан үзінді Комитет отырысына қатысқан шақырылған тұлғаларға жіберілуі мүмкін.

Комитет отырыстарының хаттамалары Комитеттің жауапты хатшысында сақталады

25. Комитеттің қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Комиссия жүзеге асырады.